15.40 -16.20	**Емдік шаралар** **(Физио, Галотерапия)** **Медбике Досанова К. С.**	Массаж Абдраханова Р. Дене шынықтыру Трофимова Л.Н.	Емдік шаралар Ағылшын тілі Жаксыбаева А.	Емдік шаралар «Естелік» фотосессия	Емдік шаралар Ағылшын тілі Тулегенова Меруерт
16.20-17.00	Емдік шаралар Английский язык Жаксыбаева А.	Емдік шаралар «Естелік» фотосессия	Емдік шаралар Таза ауада серуендеу	Массаж Хасенова Г Ағылшын тілі Тулегенова Меруерт	Емдік шаралар Таза ауада серуендеу
17.10-17.30	ШУНГИТТЕРАПИЯ кезекші медбике (2 топ), СӨС бойынша сұхбат				
17.30-17.55	**Кешкі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері (1,3,4 топ) Шунгиттерапия (3 топ), СӨС бойынша сұхбат**				
18.00-18.30	**Кешкі ас.Жауапты- топ тәрбиешілері (2,5 топ) Шунгит терапия (2 топ)СӨС бойынша сұхбат**				
18.35-19.25	Ашық хаттарды тарату.				
19.30-19.40	**Екінші кешкі ас, Жауапты - топ тәрбиешілері (1,3, 4 топ) Шунгиттерапия (5 топ), СӨС бойынша сұхбат**				
19.45-19.55	**Екінші кешкі ас, Жауапты -топ тәрбиешілері (2, 5 топ) Шунгит терапия (1 топ) СӨС бойынша сұхбат**				
20.00-20.30	Жүректен жүрекке шеңбері. Тәрбиеші. Топ бөлмелері. **Дәрігердің аралауы, жылуды тексеру және кешкі емдік шаралар өткізу**				
20.30-21.00	**Дәрумен және дәрі қабылдау, кешкі гигиена, Ұйқыға дайындық. Кезекші дәрігер, мед.бикелер, топ тәрбиешілері**				
21.00-07.00	**Түнгі ұйқы. Жауапты-түнгі тәрбиешілер мен мед. қызметкерлері**				

Оқу-сауықтыру кешені директорының м.а. **У.Д. Джарылгасова**

БЕКІТЕМІН
«Бөбек» ҰҒПББСО
Оқу - сауықтыру кешені
директорының м. а.
У. Д. Джарылгасова

«Өзін - өзі басқару ұйымы» жобасы

Алматы, 2025 жыл

Мазмұны

1) Аннотация .....
2) Кіріспе .....
3) Негізгі кезең .....
4) Қорытынды .....

Аннотация

«Тәрбиесіз берілген білім-
адамзаттың қас жауы»
Әл-Фараби

Жоба мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін, жауапкершілік пен ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту арқылы болашақ көшбасшы тұлғаларды қалыптастыру.

Жоба міндеттері:

- Баланың жеке тұлға ретінде өсуіне ықпал ету.
- Ұжымдық жұмысты тиімді ұйымдастыру.
- Балалардың әлеуметтік рөлдерді меңгеруге дайындығын арттыру.
- Қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысу дағдыларын дамыту.

Жетекшілер: Коккузова Айжан, Болегенова Аяулым,Токкожаева Аяжан, Садуова Бақытгүль, Егем Бағдаулет.

Жоба қатысушылары: «Бөбек» ҰҒПББСО Оқу-сауықтыру кешенінің сауықтыру ауысымына келген балалар.

Жоба мерзімі: сауықтыру ауысымы барысында

Тақырыптың өзектілігі: Қазіргі қоғамда балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, дербес шешім қабылдауына, ұжымдық жұмысқа бейімделуіне ерекше мән беріледі. Өзін-өзі басқару – осы талаптарға жауап беретін тиімді әдіс. Бұл жүйе балалардың қоғамдық өмірге белсене араласуын, өз пікірін еркін айтуын және жеке қабілеттерін танытуын қамтамасыз етеді.

Жоба балалардың өмірге бейімділігін, бастамашылдығын, жауапкершілігін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, олардың ұйымшылдық, тәртіптілік және басқалармен өзара сыйластық қарым-қатынас орнату дағдыларын қалыптастырады.

Күтілетін нәтиже:

-Балалар ұжымдық және қоғамдық іс-шараларға белсене араласады;

-Әр қатысушы өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындауға үйренеді;

-Ұйымшылдық, ұқыптылық және шығармашылық қабілеттері артады;

-Топ ішінде құрмет пен ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады;

-Көшбасшылық қабілеттері дамып, өздеріне сенімділігі күшейеді;

Бұл нәтижелер балалардың болашақта қоғамның белсенді мүшесі болып қалыптасуына негіз болады.

1. Кіріспе

"Ең жақсы басқару – адамның өзін-өзі басқаруы"

Мишель Монтень

Өзін-өзі басқару – оқушылардың қоғамдағы маңызды мақсаттарға қол жеткізу үшін шешім қабылдау және оны іске асыру қабілетін дамытуға бағытталған ұйымдастыру жүйесі. Бұл жүйе балалардың жеке дербестігін, бастамашылдығын, шығармашылығын арттырып, өз өмірін жақсартуға және жауапкершілігін сезінуге ықпал етеді.

Тәрбие – бұл тек іс-шаралар жиынтығы емес, бұл балалардың өмір салтын ұйымдастырудың негізгі формасы. Өзін-өзі басқару арқылы бала тәуелсіз шешім қабылдауға, адамдармен қарым-қатынас орнатуға, сондай-ақ өз әрекеттеріне жауап беруге дайындалады.

Өзін-өзі басқару жүйесінің табысты болуы үшін әрбір топты қоғамдық іс-шараларға белсенді араластыру, балалардың бастамаларын қолдау және бір орталықтан басқарылатын үйлесімді жүйе құру аса маңызды.

2. Негізгі кезең

Өзін-өзі басқару жүйесі – оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына жол ашатын маңызды құрал. Өздеріне жүктелген тапсырмаларды орындау барысында балалар өздерінің ұйымдастырушылық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың білім деңгейін арттыруға және олардың өзіндік дербестігін нығайтуға септігін тигізеді.

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ДАМУ ӘДІСТЕРІ:

- Кеңейтілген сенім әдісі: Балаларға дербес шешім қабылдау мүмкіндігін беру.
- Жауапты кепілдік әдісі: Әр әрекетіне жауапкершілік жүктеу.
- Жеке мысал әдісі: Басқа оқушыларға үлгі болу.
- Сендіру әдісі: Балалардың дұрыс шешімге келуіне көмек көрсету.
- Қоғамдық пікір әдісі: Ұжымдық талқылау арқылы ортақ шешімге келу.
- Мадақтау және мотивация әдісі: Ойындар, жарыстар, дәстүрлер арқылы шабыттандыру.

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ БАСТЫ ПРИНЦИПТЕРІ:

- Топтың міндеттерін әділ әрі сапалы орындау.
- Ұжым мүшелерінің ортақ мүдде үшін бірлесе әрекет етуі.
- Әр баланың жауапкершілік алуы және өзіне сенімді болуы.

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ АТҚАРАТЫН ЖҰМЫСТАРЫ:

- Интеллектуалды сайыстар мен білім жарыстарын ұйымдастыру.
- Мерекелік іс-шараларды жоспарлау және өткізу.
- Қабырға газетін дайындау және шығармашылық идеяларды жүзеге асыру.
- Әлеуметтік және қоғамдық жобаларға белсене қатысу.

ТӘРБИЕШІНІҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Балалардың арасында өзара сыйластық атмосферасын қалыптастыру.
- Балалардың өмір салтын дұрыс ұйымдастыруға бағыт беру.
- Жалпыадамзаттық құндылықтарды бойларына сіңіру.

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ:

Сауықтыру кешеніне келген балалардың 22 күндік демалысы өзін-өзі басқару жүйесінің негізінде ұйымдастырылады. Балалар кешенге келгеннен кейін екінші күннен бастап, өзін-өзі басқару құрылымы, оның міндеттері мен ұйымдастырушылық қағидалары туралы толық ақпарат беріледі.
Әр ауысымда өзін-өзі басқару ұйымы құрылады. Оған бір Президент және төрт министр (денсаулық, спорт, мәдениет және қауіпсіздік министрлері) сайланады.

Президент - барлық балаға және өткізілетін іс-шараларға жауапты болғандықтан, оның басты ұстанымы – әділеттілік пен шынайылық. Президенттің негізгі міндеті – ұжымда ақиқат құндылығын ұстанып, өзгелерге үлгі көрсету.

Мәдениет министрі - ұсынған идеялар негізінде мерекелік іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыруға жауапты. Бұл қызмет өнерлі балаларды бір ортаға жинап, шығармашылықтарын дамытуға ықпал етеді. Өнердің ұқыптылық пен табандылықты талап ететінін ескерсек, бұл министрлікке тән басты құндылық – өз ісіне сүйіспеншілікпен қарау.

Спорт министрі - балалардың спортпен белсенді түрде айналысуына жағдай жасап, олардың денсаулығы мен жан дүниелерінің үйлесімді дамуына үлес қосады. Бұл қызметтің басты мақсаты – балалардың бойында ішкі тыныштық пен тәртіпті қалыптастыру.

Денсаулық министрі - әрбір баланың денсаулығын нығайтуға бағытталған шараларды ұйымдастырады. Күнделікті режимді сақтау, дұрыс тамақтану мен дұрыс әрекет ету сияқты әдеттерді қалыптастыру – бұл қызметтің негізгі міндеттері.

Қауіпсіздік министрі - балалардың тәртібін қадағалап, олардың бір-біріне құрметпен қарауын қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік шараларын сақтау арқылы қиянат жасамау құндылығының үлгісін көрсетеді.

Бастауыш сынып оқушылары үшін өзін-өзі басқару ұйымы сайлауы – қызықты әрі жаңа тәжірибе. Бұл сайлау балалардың іскерлік қабілеттерін дамытуға, өздерін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу-сауықтыру кешенінде елдің түкпір-түкпірінен жиналған оқушылардың қатысуымен өзін-өзі басқару ұйымы құрылды. Ұйым кеңесі балалар арасында сайлау өткізіп, Президент, мәдениет, спорт, қауіпсіздік және денсаулық министрлерін таңдау арқылы анықтады. Сайлауға әр топтан екі үміткер, барлығы он бала қатысты. Сайлау кезінде әр үміткер өздерін таныстырып, жұмыс жоспары мен идеяларын ұсынды. Дауыс беру нәтижесінде жеңімпаздар анықталып, келесі күні олардың атқаратын қызметтері ресми түрде жарияланды. Қызметіне кіріскен әрбір бала өз міндеттерін жоғары жауапкершілікпен орындап, ұйымның басты мақсаттарына жету жолында үлес қосуға кірісті.

Президент	• Әлімғазы Ұлан
Денсаулық министрі	• Каратаева Айлин
Мәдениет министрі	• Айдынбекқызы Аида
Спорт министрі	• Әбдрахым Даниял
Қауіпсіздік министрі	• Бақытбекқызы Айсезім

2. Қорытынды

Бүгінгі жас буын – ертеңгі қоғамның қозғаушы күші. Өзін-өзі басқару жүйесі балалардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, олардың өз бетінше шешім қабылдай білуіне және кез келген жауапкершілікті орындауға дағдылануына ықпал етеді.

Өзін-өзі басқару – сапалы білім мен тәрбие берудің негізгі құралы. Ол оқушыларды ұйымшылдыққа, адамгершілікке және ұжымдық қарым-қатынаста жауапкершілікке тәрбиелейді. Осындай тәжірибелер балаларды болашақта жаңашыл, жауапты және қоғам үшін пайдалы тұлға болуға дайындайды.

Өзін-өзі басқару – балалардың бойындағы көшбасшылық пен дербестікті дамытатын таптырмас мүмкіндік.

Қазақстан Республикасының оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың
«Ұлы тұлға» Д.А.Қонаевтың өнегелі өмірі
СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Узенова Р.Н.

Өтетін күні: 15.01.2025 ж.
Өтетін жері: ОСК сынып
Өтетін уақыты: 15:00
Қатысушылар: 2025 жылдың 1- ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері
Мақсаты:
Қонаевтың өмірінен оқушыларға мағлұмат беру. Қонаев атамыз туралы ой-пікірлерін арттыру. Д. А. Қонаев туралы жан - жақты түсінік қалыптастыру, кемеңгер тұлғаның қоғамға және мемлекетке сіңірген еңбегі, экономика мен саясаттағы реформаларына талдау жасау арқылы білімдерін толықтыру. Ұлы тұлғаның халқына сіңірген еңбегін, ерлігін насихаттай отырып, оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Іс - шара барасы

I. Ұйымдастыру кезеңі
ҚР ән ұраны орындалады.
II. Мұғалім сөзі: Сәлеметсіздер ме, құрметті оқушылар! Бүгінгі біздің топбымызда өткізілетін сабағымыздың тақырыбы «Ұлы тұлға» Д.А.Қонаевтың өнегелі өмірі атты ашық тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

Дінмұхаммед атамызға келер болса, ол кісі тек қана елін, халқын ойлаған дара тұлға деп айтуымызға болады. Димаш атамыздың адамдарға жасаған жақсылығы, адамгершілігі өмір бойы ұмытылмайды. Ол кісі өте қарапайым, кез-келген адам алдына кіріп барса қарсы алып қабылдай беретін болған. Ол кісінің қарапайымдылығын оның елмен қарым-қатынасынан, жасаған жақсылығынан көруге болады. Көмек сұрап барған кісіні бос қайтармай, қол ұшын созған адам. Биыл Дінмұхаммед атамыз 105 жасқа толып отыр. Осы ашық сабағымызды өтпес бұрын атамыздың мұражайына оқушыларымызбен бірге барып қайттық.

1-жүргізуші:

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда бұрынғы Верный, қазіргі Алматы қаласында дүниеге келген. Д. А. Қонаев бастауыш білімді бүгінде Абдуллиндер көшесінде орналасқан Н.Г. Чернышевский атындағы №19 мектептте білім алған. Әкесі Меңліахмет Жұмабайұлы - Алматы облысында ауылшаруашылық, сауда мекемелерінде жұмыскер болып істеген. Қазақ, орыс тілдерінде жаза, оқи білетін сауатты болған. Анасы - Зәуре Баирқызы үй шаруасында бала тәрбиесімен айналысқан. 1930 жылы – Алматыдағы №14 орта мектепті бітірген.

1931-1936 жылдары - Қазақстан Өлкелік комсомол комитеті Дінмұхамед Қонаевты Мәскеудің Түсті металл институтына оқуға жібереді.
Енді назарларыңызды Дінмұхаммед Қонаев жайлы бейне баянға аударыңыздар.

2-жүргізуші:
Сенің орның биіктерде, тереңде,
Сыймайсың сен сырлы әнге, өлеңге.
Өмір бақи әлпештеген қазақты
Сендей бекзат қайта айналып келер ме.

1-жүргізуші:
Алатаудай қабырғалы ұлығым,
Пайғамбардай ғұмыр кештің, тұнығым.
Тіршіліктің жүрегінде қалыпты,
Қаратаудай мұқалмайтын сынығың.

2-жүргізуші:
Өшпейді ғой, өлмейді ғой ұлы еңбек,
Елің барда мәңгі бақи еленбек.
Ел үшін атырам деп жарық таңды,
Сіңірді жан аямай ол көп еңбек - деп **Дінмұхаммед Қонаевтың атқарған игі істері мен еңбек жолдарын айту үшін оқушыларға сөз кезегін берейік.**

1-оқушы:
1936 жылы - Институтты ойдағыдай бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған Дінмұхаммед Қонаев 1937-1939 жылдары Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмысқа орналасады. Ол бұрғылау станогында машинист, мастер, ауысымдық инженер, цех бастығы, бас инженер, рудник директоры болып жұмыс істеді.

2-оқушы:
1939 жылы – Екінші дүниежүзілік соғысының қиын күндерінде тылдағы жұмысты ұйымдастыруда іскерлігімен көзге түсіп, “Алтайполиметалл” комбинаты бас инженерінің орынбасары, Риддер руднигінің және КСРО қорғасын-мырыш өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорындарының бірі – Лениногор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарды. Осы жылы Дінмұхаммед Қонаев КОКП мүшелігіне қабылданды. Осы жылы Дінмұхаммед Қонаевтың Зухра Шәріпқызымен үйлену тойы болып өтті.

3-оқушы:

1942 жылдың сәуір айында отыз жасында- Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары болып қызмет етті. Осында жүргенде Қазақстан ғалымдары оған зор сенім артты.
1952 жылдың сәуір айында Д. А. Қонаев Қазақстан Ғылым академиясының президенті болып сайланды. Оның басшылығымен институттардың ғылыми қызметін жақсарту, оларды кадрлармен нығайту, Қазақстанның өндірістік күш қуатын дамытудың кешенді проблемаларын шешуге арналған кесек кесек қызметтер атқарылды.

4-оқушы:

1955-1965 жылдары - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болды.
1960-1986 жылдары – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы қызметін атқарды.
1986 жылы 16 желтоқсанда Д. А. Қонаевтың зейнетке шығуына байланысты Бірінші хатшы қызметінен босату туралы шешім қабылданды.

5-оқушы:

Дінмұхаммед Ахметұлы ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кенті мен 43 қала пайда болды. Оның ішінде, өнеркәсіп орталығы болып саналған Рудный, Екібастұз, Шевченко (қазіргі Ақтау), Никольский, Степногорск,Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалалары салынды.

6-оқушы:

Д.А.Қонаев металл өңдеу және көлік жасау салаларында өндіріс тиімділігін арттырып, Өскемен, Орал, Қарағанды,Петропавл, Шымкент, Алматы қалала рында көлік жасау зауыттары құрылды. Алматы ауыр машина жасау зауыты шығарған өнім әлемнің 40-тан астам мемлекетіне таралды. Қазақ жерінің аумағында көмір мен мұнай кен орындары ашылып, Қазақстан отын-энергетика өнеркәсібінің ірі орталығына
айналды. Жамбыл мен Шымкент қалаларында орналасқан комбинаттар сары фосфор өндіру бойынша әлемде бірінші орында болды.

7-оқушы:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев ғылым саласында орасан зор қызмет етті. 100-ден аса ғылыми еңбектер мен зерттеулер жазды. Біраз ғылыми жұмыстарын шаруашылық пен өндірістік тәжірибеден өткізді. Өз еңбектерінің халық шаруашылығына тигізер пайдасының зор екендігін іс жүзінде дәлелдеген еді. Өндіріс тиімділігін арттырумен қатар, ол жас ғалымдарды қолдап, білім жүйесіне ерекше көңіл бөлді.

8-оқушы:

Дінмұхаммед Қонаевтың марапаттары

- 1938 жылдың қарашасында Балқаштың алғашқы мысы балқытылып, Қонаев өзінің тұңғыш медалін алды.
- 8 Ленин ордені
- Еңбек Қызыл Ту ордені
- Медальдар
- Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері (1972, 1976, 1982) атанған.

9-оқушы:
МАҚАЛАЛАРЫ МЕН КІТАПТАРЫ
1978 жылы – «Кеңестік Қазақстан», «Таңдамалы сөздері мен мақалалары» «Менің уақытым туралы», «Сталиннен Горбаечевқа дейін»

- 1992 жылы – «О моём времени»
- 1994 жылы - «От Сталина до Горбачёва»
- 1994 жылы - «Ақиқаттан аттауға болмайды»

10-оқушы:
ҚОНАЕВ ЕСІМІ БЕРІЛГЕН ЖЕРЛЕР
Алматы қаласында ескерткіш – бюст.
Астана және Алматы қалаларында - көшелер.
Үлкен Алматы каналы.
Орал қаласында - шағын аудан.
Тараз қаласында - орталық көше және бюст.
Талдықорғанда - көше, сәулетті кешен және бір жоғарғы оқу орны.
Алматы қаласында - жекеменшік университет.
Өзбекстанның астанасы Ташкент қаласында - орталық көше.
1992 жылы Алматыда Халықаралық Қонаев қоры құрылды.
1994 жылы – Алматы қаласында Д.А.Қонаевтың мұражайы ашылды.
Шымкент қаласында - орталық гүлзәр және сол гүлзәр бойында мұражай.

2-жүргізуші: Зейнеп
Тірісінде биікке түлеп өрлеген,
Тәні өлсе де, ұлының жүрегі өлмеген.
Таң нұрына шомылып, күнде азанда,
Таулар бар ма, Димаш боп түрегелмеген.

1-жүргізуші:
Димаш аға! Дидарыңыз жарық күн,
Ұранысыз қазақ деген халықтың.
Саясаттың дауылына сынбаған,
Өзіңізсіз бәйтерегі тарихтың,-дей отырып тарих пәнінің мұғалімі Исаева Анар апайға сөз береміз.

2-жүргізуші:
-Енді балалар, Қонаев атамыз жайлы кім не біледі екен соған тоқталып өтейік.

1. Дінмұхаммед Қонаев биыл қанша жасқа толды? (105)
2. Дінмұхаммед қай жылы қай жерде дүниеге келген?
3. Дінмұхаммедтің ата-анасы кім?
4. Дінмұхаммед қай қалада және қандай Институтта оқыды? (Мәскеу қаласы, Түсті металл Институты).
5. Дінмұхаммед 1942-1952 жылдары қандай қызмет атқарды? (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары әрі Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі және оның президенті)
6. 1960-1986 жылдары қандай қызмет атқарды? (Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы)
7. Неше рет Социалистік еңбек ері атанды? (3)

8. Дінмұхаммедтің айналысатын сүйікті ісі қандай? (қару-жарақ коллекциялаған, аңшылықты ұнатқан).
9. Дінмұхаммед өз пәтерінде қанша жыл өмір сүрген?(24 жыл)
10. Дінмұхаммедтің бойы қанша? (198 см).
11. Дінмұхаммедтің аяғының размері қанша болған? (46)
12. Қонаевтың әйелінің аты кім болған? (Зухра Шариповна)

Хор: «Атамекен»

1-жүргізуші: Осымен тобымыздың дайындаған қазақтың дара, біртуар тұлғасы Дінмұхаммед Қонаев атамызға арналған ашық тәрбие сағатымыз аяқталды.

Қазақстан Республикасының
оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО
Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың
«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атты байқау
СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Макажанова А.М.

Өтетін күні: 23.01.2025 ж.
Өтетін жері: ОСК холл
Өтетін уақыты: 18:35
Қатысушылар: 2025 жылдың 1- ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері
Мақсаты:

- Оқушылардың білімін одан әрі дамыту, тереңдету, ізденушілікті арттыру;
- Сабақта алған білімін, білік дағдыларын шығармашылықпен пайдалану, тіл байлықтарын молайту, жаттығу жұмыстары арқылы білім дағдыларын өз беттерінше еркін қолдануын қалыптастыру;
- Адамгершілік қасиеттерін дамыту, ізгілікке, ынтымаққа, өзара сыйластыққа, достыққа тәрбиелеу;

Іс - шара барасы

Мұғалім: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! «Тұлға бойындағы құндылықтардың тәрбие арқылы берілуі» тақырыбы шеңберінде ұйымдастырылып отырған «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атты интеллектуалды сайысымызға қош келдіңіздер!«Біз бәріміз бір атаның – қаза халқының ұрпағымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу: ол қасиетті қазақ даласы. Ол жас ұрпақ мына сіздерсіздер! Сіздер елбасымыздың,ата-аналарыңыздың, ұстаздарыныздың үмітін ақтайды деген сенім білдіре отырып сайысымызды бастаймыз. Бұл сайыста сіздер бойларыңызға, ойларыңызға қандай білім, ілім түйгендеріңізді байқатасыздар. Сайысымыз 3-сыныптар арасында 5 топ сынға түседі. Олай болса, сахна төріне бүгінгі сайысқа шығатын білімді,озат оқушыларымыздышақырайық. **«Дружба» тобы, «Бірлік» тобы, «Бал Бөбек» тобы, «Болашақ» тобы, «Достық» тобы.** Олай болса сайысымыздың барысына тоқтала кетейік. Сайыс 7 бөлімнен тұрады.

I бөлім: Таныстыру

II бөлім: « Жедел жауап»

III бөлім: «Кім шапшаң»

IV бөлім: «Тіл- өнер»

V бөлім: Әу, баста! Командалық жазбаша тапсырма

VI бөлім: Капитандар сайысы

VII бөлім: «Бәйге
Сайыс соңында озып шыққан топты марапаттау
Құретті әділ қазылар алқасы әр бір тапсырман 3,4,5 ұпай сандарым бағалап отыруыңызды сұраймын. Олай болса сайысымызды бастаймыз.

I бөлім: Таныстыру . Әр топ өздерін таныстырады

II бөлім: « Жедел жауап» Бұл бөлімде 20 сұрақтан қойылады. Әр дұрыс жауапқа ұпай беріледі. Топ жауап бере алмаған жағдайда келесі, топтың жауап беруге мүмкіндігі бар.

1.Қ Р өз тәуелсіздігін қашан жариялады? (1991ж 16 желтоқсан

2.Ел басқару саласындағы ең жоғарғы лауазым? (Президент)

3.Кеңес Одағында алғаш ғарышқа ұшқан кім? (Юрий Гагарин)

4.Қазақтың атақты күрес шебері (Қажымұқан Мұңайтпасұлы)

5.1- маусым қандай мереке? (Балаларды қорғау күні)

6. Алғаш ғарышқа ұшқан қазақ? (Тоқтар Әубәкіров, 1991 жыл

7.Абайдың шын аты кім? (Ибраһим)

8. Жеті атаны ата? (Ата,әке,бала,немере,шөбере,шөпшек,немене

9.Қазақ халқы өзінің тұңғыш Президентін қашан сайлады?

(1991 жылы 1-желтоқсан)

10.Ұя салмайтын құс? (Көкек)

11. Үш байлықты ата. (Денсаулық, ақ жаулық, он саулық)

12.Қазақ халқы өзінің тұңғыш Президентін қашан сайлады?

(1991 жылы 1- желтоқсан)

13.Үш арсыз не? (Ұйқы, күлкі, тамақ)

14.Күй атасы (Құрманғазы)

15.Шаршы дегеніміз не? (Барлық қабырғалары тең төртбұрыш)

16.Қазақстанның атақты суретшісі (Әбілхан Қастеев

17.6-шілде қандай мереке? (Астана күні)

18. Қазақ даласында мектеп ашқан ұлы ағартушы кім?(Ыбырай Алтынсарин)

19. Аяғын жаңа басып жүрген балаға жасалатын қазақ халқының салт – дәстүрі (Тұсау кесу)

20. Бір заттың көлемін кішірейтіп көсету қалай аталады? (Машстаб)

21.Уақыт бірліктерін ата? (Секунд, минут, сағат)

22. Сәуле дегеніміз не? (Бір нүктеден таралған түзу сызық

23. Үш жүзді ата? (Ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз)

24.Миллион санында неше нол бар? (Алты)

25.Абайдың азан шақырып қойған аты? (Әбілмансұр

26.Кел балалар оқылық өлеңінің авторы кім? (Ы. Алтынсарин)

27.Ұзындық өлшем бірліктерін ата? (мм, см, дм, м, км)

28. X + 12 = 120 не деп аталады. (Теңдеу)

29.Сұлба дегеніміз не? (Бір нәрсенің үстінен қарағандағы көрініс

30.Әдептілік ережесі яғни әдептілікк нелер жатад

(Үлкенді сыйлау, әділ болу, өтірік айтпау,жалқау болмау

кішіге қамқор болу)

III бөлім: «Кім шапшаң» Бұл бөлімде әр топқа сөз беріледі, сол сөзден сөз шығарады.

1.Сақтандырғыш

2. Қайырымдылық

3. Ұйымдастыру

4.Қанағаттанарлық

5. Жолаушылар

6.Шаруашылық

IV бөлім: «Тіл- өнер» Мақалдың жалғасын табу керек. Топ жауап бере алмаған жағдайда келесі топтың жауап беруге мүмкіндігі бар. Әрбір дұрыс жауап 5 ұпай беріледі.

1. Отан отбасынан басталады

2. Тұз астын дәмін келтіреді, мақал (сөздің сәнін келтіреді)

3. Ине көзінен сыналады, шешен (сөзінен сыналады)

4. Оқу білім бұлағы, (білім өмір шырағы)

5. Сөз тапқанға (қолқа жоқ)

6. Жеті жұрттың тілін біл, (жеті түрлі ілім біл)

7. Шебердің қолы ортақ, (шешеннің тілі ортақ)

8. Ақыл - тозбайтын тон, (білім – таусылмайтын кен)

9.Айтылған сөз (атылған оқ)

10. Білгенің бір тоғыз, (білмегенің тоқсан тоғыз)

11. Еңбектің наны тәтті, (жалқаудың жаны тәтті)

12. Өнерлінің қолы алтын, (өлеңшінің сөзі алтын)

13. Жақсы байқап сөйлер, жаман (шайқап сөйлер)

14. Қына тасқа бітеді, (білім басқа бітеді)

15. Ана сүті бой өсіреді, ана тілі (ой өсіреді)

16. Жақсыдан үйрен, (жаманнан жирен)

17. Көре – көре көсем боласың, сөйлей – сөйлей (шешен боларсың)

18. Әдепті бала - арлы бала,(әдепсіз бала – сорлы бала

19. Оқусыз білім жоқ, білімсіз (күнің жоқ)

20.Көп жасаған білмейді, (көп көрген біледі)

21.Біліп тұрсаң да, (сұрап ал)

22.Досы көпті жау алмайды, (ақылы көпті дау алмайды)

23.Ойнап сөйлесең де, (ойлап сөйле)

24.Білімдінің күні жарық, (білімсіздің күні кәріп

25.Қыз елдің көркі, (гүл жердің көркі)

26.Ер жігіт елі үшін туады, (елі үшін өледі)

27.Шебердің қолы ортақ, (шешеннің сөзі ортақ)

28.Атаңның баласы болма, (адамның баласы бол)

29.Қына тасқа бітеді, (ақыл жасқа бітеді)

30.Жүзігің жарқын болғанша, (жүзің жарқын болсын)

V бөлім: Әу, баста! Командалық жазбаша тапсырма. Бұл бөлімде логикалы тапсырмалар беріледі.

Логикалық есеп

1).Қосындының да мәні, көбейтіндісінің де мәні 6-ға тең болатын тізбектес натурал санды тап. Шешуі: 1, 2, 3; 1+2+3=1•2•3

2)1,2,3,4,5 цифрларының орнын ауыстырмай «-» және «+» таңбалары пайдаланып мәні 54-ке тең болатын теңдік құрасты Шешуі 12-3+45=54

3) 4 * 12 + 18 : 6 + 3 өрнегіне мәні 50-ге тең болатындай етіп жақша қой

Шешуі: 4 * 12 + 18 :(6 + 3)

4) Мәні 1-ге тең болатындай етіп 1 2 3 4 5 сандарының арасына амалдардың белгісі мен жақша қой. Шешуі: (1 + 23) : 4 –5 = 1 (12 – 3) : (4 + 5) = 1

VI бөлім: Капитандар сайысы. Тез ойлау дағдысына арналған қызықты әзіл тапсырмалар (Капитандар ортаға шығады)

1.Екі нүкте арасын қосқанда не пайда болады? (кесінді)

2.Жыл он екі айдың ішінде 30 және 31 сандары ауысып отырады, ал 28 сан қай айда кездеседі? Барлық айда

3.Бұтақта 50 қияр бар. Бір бұтақта 5 қиярдан өсіп тұр. Екі бұтақта қанша қияр өсіп тұр. Жауабы: Бұтақта қияр өспейді

4.320 мен 1 дің көбейтіндісі қанша? (320)

5.Қазақстан мен Өзбекстанның ортасында не бар? (мен)

6.Бір ағаштың он екі бұтағы бар,

Әр бұтағында отыздан жапырағы бар

Жапырақтың бір жағы ақ,

Бір жағы қара. (Жыл, ай, тәулік, күн мен түн)

7.0-ден бастап 5-ке дейінгі сандардың қосындысы нешеге тең?

(0+1+2+3+4+5 = 15)

8.Балалар ән- би байқауы не деп аталады? («Айгөлек»

9.Бір қариядан қанша балаңыз бар деп сұрағанда, берген жауабы мынадай: «Ұл мен қыздарымның саны бірдей, әр ұлымның 3 қарындасы бар.»

Қарияның неше ұлы, неше қызы бар? (3 ұл, 3 қыз)

10. Электровоздың түтіні батысқа қарай созылып жатса, өзі қай бағытқа қарай жүріп жатыр? (Электровоздың түтіні болмайды)

11. Қатты жылдамдықпен келе жатқан жүк машинаны бір қолымен кім тоқтата алады? (Жол полициясы)

I топ сұрақтары:

1. ҚР өз тәуелсіздігін қашан жариялады? (1991 ж 16 желтоқсан

. Қазақтың тұңғыш ғарышкері кім? (Тоқтар Әубәкіров)

3. Абайдың анасының есімі (Ұлжан)

4. Ы.Алтынсариннің балаларды оқуға шақырған өлеңі қалай аталады? (Кел, балалар, оқылық)

5. Әнұранның авторлары кімдер? (сөзі: Ж.Нәжімеденов, Н.Назарбае әні: Ш.Қалдаяқов)

6. Күй атасы кім? (Құрманғазы)

7. «Отамалы» қай мезгілде және қай күндері болады? (Көктем, 11-17 сәуі

8. Орнынан қозғалмайды, бірақ жүреді. (Сағат)

9. Көкжиек тұстарын анықтайтын құрал қалай аталады? (тұсбағар,компас)

10. Бір қариядан қанша балаңыз бар деп сұрағанда, берген жауабы мынадай: «Ұл мен қыздарымның саны бірдей, әр ұлымның 3 қарындасы бар.» Қарияның неше ұлы, неш қызы бар? (3 ұл, 3 қыз)

II топ сұрақтары:

1. ҚР Рәміздерін атаңдар? (Мемлекеттік рәміздер - Елтаңба, Ту, Әнұра

2. Қазақтың жүз жас жасаған ақыны кім? (Жамбыл Жабаев)

3. Елтаңбаның авторы кім? (Шот-Аман Уәлиханов және Жандарбек Мәлібек

4. Ұя салмайтын құс? (Көкек)

5. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев қай жылы дүниеге келген? (1845 ж)

6. Қазақтың атақты үш биін атаңдар? (Әйтеке би, Төле би, Қазыбек би

7. Аяғын жаңа басып жүрген балаға жасалатын қазақ халқының салт –дәстүрі (Тұса кесу)

8. Бір заттың көлемін кішірейтіп көсету қалай аталады? (Машстаб)

9. Қай кезде аспан жерден төмен тұрады? (Аспан суреті судан көрінген кезде)

10. Інісінің 14 асығы бар, ағасының одан 5 асығы артық. Екеуінің неше асығы бар? (33 асық)

Қорытынды

Мұғалім: Жарыс заңы ежелден,

Жеңімпазды анықтау. Жеңімпаз болу шарты сол.

Еңбектену жалықпау – дей келе сайысымыздың қорытындысын жариялап, жеңімпаз топты анықтау үшін әділ-қазыларға сөз кезегін беріміз. Сонымен бүгінгі сайысымыз аяқталды, жақсы күндерде жолыққанша күн жақсы болсын!

Қазақстан Республикасы **«Бөбек» ҰҒПББСО**

оқу - ағарту министрлігі **Оқу - сауықтыру кешені**

2025 жылдың 1 - ауысымның
«Шығармашылық күн!» атты 4-топқа арналған концерттік
СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Мамбетбаева Р.А.

Өткізілетін күні: 27.01.2025 ж.
Өткізілетін уақыты: сағат 18:35
Өткізілетін жері: Салтанат залы
Қатысушылар: 2025 жылдың 1 - ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері
Мақсаты: Ауысым барысындағы балалардың өз өнерлерін көрсету және барлық қатысушыларға кешкілік әсерлі көңіл-күй сыйлау.
Міндеті:

- балаларға іс-шара барысында жағымды әсер қалдыру;
- сахна мәдениетіне баулу;
- достық пен мейірімділікке тәрбиелеу.

Қажетті құрал - жабдықтар: музыкалық аппарат, музыкалық сүйемелдеу, микрофондар, планшет, сценарий
Жүргізушілер: Қаршыға Нұртілек және Мұхтарқызы Марапат

Іс - шара барасы
Фанфар ойнайды, жүргізуші шығады

1.Жүргізуші: Қайырлы кеш, балдай тәтті балалар мен құрметті қонақтар! «Шығармашылық күн!» атты 4- топтың арналған концертіне қош келдіңіздер.

2.Жүргізуші: Армысыздар өнер сүйер қауымдарым,
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.

Ән – шашу, әсем – әуен, түрлі өнер.
Бүгінгі күн сіздерге арналады.

Дей отырып, алдарыңызда: 4-топ ұлдары (Хор.Тек алға)

1. Жүргізуші:
Ұрпақпен өмір жолы жалғанады,
Көңілді күндер тусын алдан әлі,
Сіздер үшін осы кеш ашылады,
Сіздер үшін өнерпаздар көрсетеді
Алдарыңызда әнші жігітіміз, Ерзаттың орындауында (Той шашу әні).
2. Жүргізуші: Арайланып әрбір таңымыз,
Арайланып әнмен сәніміз.
Туған жердің төсінде тұрып,
Шырқатайық кәне бәріміз

Ән: Рысбек Айзеренің орындауында (Ұнайды маған)
әнді қабыл алыңыздар!

1.Жүргізуші: Біздің халық өнерге мол, бай тегі,
Әнші деп те, биші деп те айт оны.

Дей отырып, алдарыңызда: Марапат (Адай биімен)

1.Жүргізуші: Жоқ менің өлең - жырдан өзге алаңым,
Іздеймін сенен терең сөз баламын.
Кейде бір салсаң әуен ыңылдатып,
Көңілдің кетеді ғой қозғап әнін.

Дейді біздің әнші қызымыз. Алдарыңызда (Таспа әнімен) Дария

2.Жүргізуші: Дауысың қандай сырлы еді,
Табиғатты тыңдатқан
Көркің қандай нұрлы еді,
Таң шолпанмен астасқан,

- деп Хабибаның орындайтын әнін қабыл алыңыздар.

2.Жүргізуші: Қазағымның домбыра күйі бітпесің дейді, біздің сері жігітіміз **Нұридинді шақырамыз. (Көк серек күйімен)**

1.Жүргізуші: Өнермен терең жүзіп шарықтадың,
Мақсатыңды талаппен анықтадың.
Сан қырлы таза гауһар секілденіп,
Қуантады өзіңді танытқаның,

- деп келесі әншіміздің өнерін тамашалайық.
Алдарыңызда: Бекасыл

2.Жүргізуші: Біздің топтың қыздары өнері асқан,
Билейді мың бұралып бала жастан.
Қайда біздің өнерпаз қыздарымыз?
Ортаға шық!
– деп биші қызымыздың өнерін тамашалайық
Мұратова Айшаның (Ұйғыр биі)

1.Жүргізуші: Сән – салтанат жасайық,
Күй сандықты ашайық.
Бұл мереке бұл тойға,
Әннен шашу шашайық,
- деп жігітіміз Бекболатың орындауында (Песня про зайцев)
әні қабыл алыңыздар.

2.Жүргізуші: Биім сондай әдемі,
Тілшігім бар тербелген.
Нәзік сазды әуенмен,
Мың бұралып билеймін,
- дей келе биші қыздарымызды ортаға шақырайық. (Тик ток) тренд.

1.Жүргізуші: Жинаған өн бойына өнеріңді,
Тәнтімін, ынтазармын әндерге

Дей отырып, алдарыңызда Есенгелді Айзере (Көзмоншағым әнімен)

1.Жүргізуші: Бимен әуен біргіп, өнер бізден шашылып. Деп кешімізде өз уақытына жетіп қалды, сіздермен болған (4-топ балалары)

2.Жүргізуші: Көңіл бөліп тамашалағандарыңызға көп рахмет!
Сау болыңыздар!

Оқу-сауықтыру кешені директорының м.а. У.Д.Джарылгасова

«Бөбек» ҰҒПББСО
оқу сауықтыру кешенінің
2025 жылғы 10 қаңтар мен 31 қаңтар аралығындағы
медициналық ауысым есебі.
Бала саны – 110, 3-4 сынып оқушылары;
Ауысым тақырыбы: «Балалық шақтың қысқы ертегілері»

Аймақ бойынша сауықтырылған балалардың сандық көрсеткіші

№ р/н	Облыстар атауы	Балалар саны	
		жоспарға сәйкес	нақты келген
1	Алматы қаласы	10	13
2	Абай облысы	10	9
3	Алматы облысы	10	19
4	Ақтөбе облысы	10	10
5	Жамбыл облысы	10	10
6	Жетісу облысы	10	10
7	Маңғыстау облысы	10	10
8	Қызылорда облысы	10	10
9	Түркістан облысы	10	10
10	Шымкент қаласы	10	9
11	Ұлытау облысы	10	-
	Қорытынды	**110**	**110**

Жол қозғалысының шектелуіне байланысты Ұлытау облысынан 10 бала және жол жүрерде ауырып қалуына байланысты Абай облысынан 1 бала, Шымкент қаласынан 1 бала келмеді, орындарына Алматы қаласы мен Алматы облысынан балалар қабылданды.

Балалардың әлеуметтік жағдайы

Әлеуметтік жағдай	**абс. сан**	**%**
Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар	2	1,8
Аз қамтылған отбасынан	37	33,6
Жетім балалар	3	2,7
Көп балалы отбасынан	66	60,0
Жалпы балалардың ішінен - ауылдық	89	80,9
- қалалық	21	19,1
Экологиялық қолайсыз аймақтан келген балалар саны: 1. Абай облысы: - Аягөз қаласы -9 2. Ақтөбе облысы:	29	26,4

- Шалқар ауданы - 10 3. Қызылорда облысы: - Жаңақорған ауданы -10		

Қабылдау кезінде жұқпалы аурулардың алдын-алу мақсатында, дәрігерлер мен мейірбикелер балаларды битшеңдік, котыр мен қышыма және жұқпалы ауруларға қарап тексеріп, балалардың денсаулығы туралы қорытындыны медициналық картаға (нысан №003/у), №907 23 қараша 2010ж. ҚР Денсаулық сақтау Министрлігі бекіткен) тіркеді.

Ауысым барысында күнделікті дәрігерлердің медициналық тексеруі, жалпы иммунитет көтеретін сауықтыру рәсімдері тағайындалды: жеткілікті толық түнгі ұйқысы және күндізгі демалысы үйлестірілген емдік-қорғау тәртібі, күніне 6-мезгіл емдік-сауықтыру-тамақтандыру (диета) №15; 3-ші тағамға «С» дәруменін қосу; дәрумендермен емдеу: дәрумені тұнба 50 мл-ден күніне 1 рет; климат әсерімен емдеу (ауа ванналары); шунгитотерапия (жалаң аяқ жүру); галотерапия (тұзбен емдеу); криотерапия (табандарын мұз кесегімен уқалау), көзге арналған жаттығу, таңертеңгілік жаттығу және бейімделген дене шынықтыру, инфекцияның созылмалы ошақтарын емдеу және әр балаға оның жасын, физикалық және психоэмоционалды жағдайын ескере отырып, жеке сауықтыру бағдарламасы жасалынды.

Аурудың көрсеткіштері бойынша - Айтбай Айлина - №9 емдік столы (диета) тағайындалды.

Балалардың аурушаңдық құрылымы

№	Аурулардың атауы	абс. саны	%
1	Ақуыз-энергетикалық жетіспеушілігі	24	21,8
2	Артық дене салмағы	1	0,9
3	Жиі ауыратын бала (бадамша таңлай гипертрофиясы, созылмалы тонзиллит, ринит, мұрын пердесінің қисаюы, созылмалы пульпит, созылмалы периодонтит, кариес, тістің орналасу аномалиялары)	72	65,5
4	Жақ-бет аймақ кемістігі – таңдай және ерін жырығы	1	0,9
5	Қан аздық	11	10,0
6	Көз ауруы (миопия)	1	0,9
	Қорытынды:	**110**	**100**

Лор дәрігері мен тіс дәрігерінің (стоматологтың) мұрын-жұтқыншақ, тіс және ауыз қуысы инфекциясының созылмалы ошақтарын профилактикалық тексеруі және емі жүргізілді.

Мамандар	Жалпы балалар саны	Мұқтаж	Емделді
Тіс дәрігері	110	97/88,2%	46/47,4%
Лор дәрігері	110	7/6,3%	7/6,3%

Жеке физиотерапиялық процедураларды ауруға байланысты әр балаға дәрігер/физиотерапевт тағайындады және жеке қажеттілігіне қарай балаларға күніне 2-3 түрлі физиопроцедуралар түрі жүргізілді.

Физиотерапиялық процедуралар түрі

Физиопроцедуралар түрі	**Процедура саны/процедура бірлігі**
Альфакапсула	105/525
«Биоптрон» шамы	261/391,5
Дарсонваль тоғы	27/67,5
Магнитпен емдеу	245/735
Жылумен емдеу (теплон)	60/90
Емдік уқалау (массаж)	763/979
Электрофорез	63/126
УЗТ терапия	30/75
СМТ терапия	126/378
Ингаляция	80/80
Фитотерапия	2200/2200
Галотерапия	1650/1650
Шунгитотерапия	2200/2200
Криотерапия (табандарын мұз кесегімен уқалау)	1100/1100
Парафинмен емдеу	85/212,5
Ультра фиолетті сәулелендіру (УФО)	550/825
қорытынды	**9545/11634,5**

Сауықтыру тиімділігі: денсаулығы айтарлықтай жақсарған және едәуір жақсарған балалар саны 103/93,6%, өзгеріссіз 7/6,4%.

Алматы қаласы клиникалық ауруханаларына қаралғандар:

Мекеме атауы:	**абс**	**%**
Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығы	2	31,8
№5 Қалалық клиникалық ауруханасы	1	0,9

1. 16.01. Тажимухан Мейіржан 14.06.2015ж, «Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығы» көз дәрігерінің қабылдауында болып, «Вирусты коньюктивит» диагнозы қойылды, симптоматикалық ем қабылдады.
2. 16.01. Мәжит Әлинұр 13.12.2015ж, «Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығы» көз дәрігерінің қабылдауында болып, «Вирусты коньюктивит» диагнозы қойылды, симптоматикалық ем қабылдады.
3. 30.01. Алматұлы Бекарыс 13.12.2015ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасының стоматолог-хирургтің қабылдауында болып, ауыз қуыс жақ

аймактарына панোромалық рентген жасалынды. «85 тістің жұлынғаннан кейінгі жағдайы» диагнозы қойылып, дәрігер кеңесі берілді, симптоматикалық ем қабылдады.

Балалар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында медицина қызметкерлері ақпараттық - ағарту жұмыстарын жүргізді.

Психологиялық жұмыстар оқу-сауықтыру кешенінің және психолог жұмысының жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімделуге көмектесу, сондай-ақ дұрыс бейімделмеген балаларды уақтылы анықтау және оларға қажетті психологиялық көмек көрсету бағытында топтық психологиялық тренингтер жүргізілді.
Оқу-тәрбие және демалыс іс - шаралары, мерекелік іс – шаралар, конкурстар, шығармашылық шеберхана және жобалар жоспарға сәйкес өткізілді.

Ата-аналар пікірлері:





Оқу-сауықтыру кешені директорының м.а. **У.Д.Джарылгасова**

Фото-есеп	
 Ауысым барысындағы күнделікті балалар дәрігерлерінің медициналық тексеруі және бақылауы.	 Сауықтырылуға келген барлық балалар стоматологиялық кабинетте профилактикалық тексеруден өтеді және тістер мен қызылиек аурулары болған жағдайда тиімді ем алады.
 Лор дәрігері мұрын – жұтқыншақ, құлақ инфекциясының созылмалы ошақтарын профилактикалық тексеруі және емі жүргізілді.	 Балалардың денелік (физикалық) даму деңгейін анықтау үшін түрлі функционалдық сынамалар жасалынады, яғни баланың жатқан күйіндегі пульс жиілігі мен артериалды қысымы (Генче сынамасы), бойы мен салмағының сәйкестігі өлшенеді.

 Емдік уқалау (массаж) –бұл адам ағзасына механикалық және рефлекторлық әсер ететін медициналық әдіс. Емдік уқалаудың ағзаға кең ауқымды әсер етуі және дәрі-дәрмексіз пайдалануымен ерекшеленеді. Сауықтыру ауысымына келген барлық балалар емдік уқалау шарасын алады.	 СКЭНАР - терапия иммундық жүйесі әлсіреген балалардың денсаулығын жақсарту үшін өте пайдалы. СКЭНАР аппаратымен емдеудің бұл түрі ауруды бәсеңдететін және қабынуға қарсы әсерге ие, жүйке жүйесін тыныштандырып, рухани және физикалық денсаулықты нығайтуға ықпал етеді.
 Магнитотерапия- бұл төменжиілікті ауыспалы немесе тұрақты магнит өрісі қолданылатын физиотерапия әдісі. Физиотерапияның бұл әдісін оқу-сауықтыру кешеніне денсаулықтарын оңалтуға келген балаларға жоғарғы тыныс жолдарының аурулары, көз патологиясы, өт шығару жолдарының қабыну кезінде сауықтыру және оңалту үшін кеңінен қолданылады.	 Ультрадыбыстық терапия – емдік мақасатта ультрадыбыс қолданатын емдеу әдісі. Ауыспалы акустикалық қысым тіндердегі температураның жоғарылауына әкеледі, микроайналымды жақсартады. Ультрадыбыстық толқындардың ықпалынан асқынулар, ауырсыну, қышыну, ісіктер азаяды, қалпына келу үдерістері күшейеді.

 Ультракүлгін сәулелерімен емдеу – ағзаның қызметін ынталандырудың тиімді құралдарының бірі. Оқу-сауықтыру кешенінде ультракүлгін сәулелері суықтың алдын алу және иммунитетті нығайту мақсатында кеңінен қолданылады.	 Альфа массажды капсула денсаулықты сауықтыру, оңалту және жағымды музыкалық терапия әдісі ретінде қолданылады. Балалардың көңіл-күйін көтеріп, рухани және физикалық денсаулығын жақсартады.
 Галотерапия - бұл денсаулықты нығайту үшін аурудың алдын-алу, сауықтыру және оңалту әдісінің бір түрі. Балалар сауықтыру ауысымы кезінде рухани рухани және физикалық денсаулықтың күш-қуаты мен үйлесімін арттыруға ықпал ететін галотерапия емдік шараларын күнде қабылдайды.	 Итмұрынның тамыры, жапырағы, жемісі адам ағзасына өте шипалы. Итмұрын өсімдігінің кептірілген түрінен балаларға күнделікті тоспа қайнатып, сусын (фитотерапия) ретінде қайнатып ұсынылады.

 Ингаляциялық терапия - жоғарғы тыныс жолдарының ауруларының алдын алу және емдеудің ең қауіпсіз және тиімді әдістерінің бірі . Ингаляция қабылдау кезінде препараттар тыныс алу жолдарына тез және тиімді әсер етеді.	 Полярланған жарық тарататын «Биоптрон» сәулесі балаларға жағымды, қауіпсіз емдеуді ұсынады және ағзаның қорғаныс жүйесін арттырады. Биоптрон сәулесі әр түрлі аллергия және тері ауруларында, тыныс жолы ауруларында ағзаны сауықтыру үшін қолданылады.
 Жылу терапиясы – бұл емдік мақсатта қолданылатын, иммундық жүйені нығайтатын, жүйке жүйесін тыныштандыратын магнит өрісі. Қызыл жарық пен магниттік сәулеленудің импульсті сәулеленуі аллергиялық жағдайларда тиімді, шырышты ісінудің алдын алып, мұрынның ағуы мен бітелуін және тамақ аурын жояды	 Дарсонваль - физиотерапиядағы сауықтыру - емдеу әдістерінің бірі. Дарсонваль аппаратын күнделікті қолдану балаларға суықтың алғашқы белгілерімен күресуге, иммунитетті нығайтуға, ас қорыту жүйесінің жұмысын қалыпқа келтіруге, көгерген кезде ауырсыну мен қабынуды жеңілдетуге, жүйке жүйесін тыныштандыруға мүмкіндік береді.

 Түсті терапия аппаратын балаларды сауықтыру үшін оқу-сауықтыру кешенінде сәтті қолданылады. Біз балалардың физикалық және психоэмоционалды жағдайын және иммунитетті нығайту үшін жұмсақ және қауіпсіз аппараттық түстер (күлгін, жасыл және сары) қолданылады.	 Амплипульстерапия- күші төмен айнымалы синусоидальды модульдік токтармен әсер ететін электрмен емдеу әдісі. Оқу-сауықтыру кешенінде бұл әдіс сауықтырудың жұмсақ және мүлдем қауіпсіз әдісі ретінде кеңінен қолданылады.
 Парафин-озокерит жапсырмалары денені қыздырып, қан тамырларын кеңітеді. Ауырған жердің қан айналысын қалпына келтіріп, ауырғанын басады, ісігін қайтарады. Парафинмен емдеу тырысқан бұлшық еттерді босаңсытуға және қабыну аурулары мен олардың алдын алуға ықпал ететін жылулықпен емдеу әдісі.	 Су және душтың әртүрлі түрлерімен емдеу балалардың денсаулығын оңалту мақсатында қолданылады. Судағы пайдалы заттар тері тініне терең еніп, қан ағымын жақсартуға, иммундық жүйенің қорғаныс функцияларын нығайтуға, бұлшықет корсетіне және жүйке қызметіне жақсы әсер етеді.

Шунгит өзінің сиқырлы, емдік қасиеттерімен танымал минерал. Балалар алғашқы күннен бастап арнайы төселген "Денсаулық жолымен" 4-5 минут жүреді, күн сайын 1 минут қосып, 10 минутқа дейін жеткізеді. Шунгит тастарда жалаң аяқ жүру табанда орналасқан нүктелердің белсенділігін арттырады және жалпақ табандылықтың алдын алады.

Табан аймағында белсенді биологиялық аймақтар шоғырланғаны белгілі, олар ішкі ағзаның жұмыс белсенділігін арттыруға үлес қосады. Денсаулықтарын оңалтуға келген балаларға мұз түйіршіктерімен массаж жасау арқылы бала денесінің әр түрлі жүйелерінде елеулі оң жылжуды ынталандыратын, терінің температурасы рұқсат етілген деңгейдің төменгі шегіне дейін төмендеген кезде жедел реакцияға және сауықтыруға бағытталған бұл әдіс кеңінен қолданылады.

Балалар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында медицина қызметкерлері санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізіп, «Шунгит тастардың денсаулыққа пайдасы» тақырыбында дәрістер оқыды.

«Бөбек» оқу-сауықтыру кешені аумағында балаларға арнайы баспалдақпен көтерілуге арналған ойын алаңы, шөпті спорт және соқпақ жолдар алаңы ұйымдастырылған. Жаяу серуендеу физикалық төзімділіктің жоғарылауына, денені сауықтыру мен нығайтуға арналған психо-эмоционалды белсенділікті қалыпқа келтіруге ықпал етеді.

Балаларды психологиялық көмек көрсету бағытында топтық реалаксация сағаттары сенсорлы бөлмеде өткізіледі. Тренинг сабақтары балалардың эмоциясын, сезімталдық пен қабылдауды, зейінділігін дамытады және қуаныш эмоциясын қалыптастырады

Балалардың әр күні дұрыс ұйымдастырылған «Қимыл белсенділігін арттырайық» ұранымен басталады. Әр топта бейімделген емдік дене шынықтыру сабақтарында қимыл-қозғалыс жаттығулары мен спорттық квест ойындары баланың адамгершілік және рухани денсаулығын нығайту мақсатында өткізіледі.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар”
“Бөбек” орталығының оқу - сауықтыру кешенінде балалар арасында: бата жаттау, жаңылтпаш, Абай оқулары өтті. Кеш барысында балалар топ болып қалыптасып, ой өрісін кеңейтіп, шапшандыққа баули отырып, озық ойларын жеткізді. Байқаудың мақсаты: мақал-мәтел, жаңылтпаш, бата үйрену аркылы қазағымыздың ұлттық тәрбиесін бала бойына сіңіру.

Дәстүрлі садақ ату-қазақтың рухын оятатын спорт түрі”
Қазақтың ұлттық ойын түрлері мазмұндық жағынан адамды жауынгерлік рухқа тәрбиелейтін маңызды дүние. “Бөбек” оқу-сауықтыру кешеніне келген балаларға ұлттық ойындарды дәріптеу барысында “Садақ ату” үйірмесі өтілді. Балалар садақ ату барысында ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, мергендікке үйренді.

Оқу процесі мемлекеттік стандартқа сәйкес ұйымдастырылды, оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілді;
- бастауыш мектеп бағдарламасы оқушыларды адамгершілік-рухани тәрбиелеуге, олардың оқу іс-әрекеті дағдыларының, мінез-құлық мәдениеті мен салауатты өмір салтының негіздерін, оқу техникасын, жазу үлгісін, есепті меңгеруіне, баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін анықтауға және дамытуға бағытталған

«Бөбек» оқу-сауықтыру кешенінде 1-ауысымның туған күн иелеріне арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды. Іс-шара барысында туған күн иелеріне арналған әндер шырқалып, би билеп жақсы тілектер мен сыйлықтар табысталды. Туған күн иелеріне зор денсаулық, көтеріңкі көңіл- күй, бақытты балалық шақ тілейміз!

Әлеуметтік желіде жарияланған материалдар:

1. Дәрігер У.Д.Джарылгасова:
   «Бөбек» ҰҒПСО жағдайында темір тапшылығы анемиясы бар балаларды санаториялық емдеудің ерекшеліктері»
2. Дәрігер Э.А. Кузембаева
   «Оқу-сауықтыру кешені жағдайында балалардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру»
3. Тәрбиеші Болегенова А.К. «Ұрпақ тәрбиесі- ұлт болашағы».
4. Педагог-психолог Балтабай Ж «Менің ұстаздық жолдағы тәжірбием».
5. Тәрбиеші Момбекова Л «Табиғат ұлы ұстаз»
6. Тәрбиеші Тилепова Б.Ж. «Рухани тәрбие - адамгершіліктің бастауы».

Ата-аналар пікірлері:

Қайырлы күн баршаңызға Аяулы ұстаздар Аяулым Калихановна, Манзура Жақсыбайқызы, Айман Шайзадақызы!
Балаларымызға қарап, білім тәрбие бергендеріңізге мың алғыс, Алла разы болсын!
Өмірлеріңіз шаттыққа, жүректеріңіз мейірім мен махаббатқа толы болсын!
Алдарыңызда тек жарқын күндер күтіп тұрсын, бар арман-мақсаттарыңыз орындалсын. Денсаулық, тыныштық, жан рахаты мен шексіз бақыт тілеймін!
Әр күндеріңіз қуанышқа, сүйіспеншілікке және жақындарыңыздың қамқорлығына толы болсын
Сіздерге ерекше жылулық мен шабыт тілеймін!
Тілек білдіруші: Шалхар


"БӨБЕК" лагерінің директорына, ұжымына, дәрігерлері не, медбикелеріне, аспазшыларына, комнаталарының тазалығын сақтаған апайларына,әр түрлі спорттық іс шаралар өткізген ағаларымызға, Алматы қаласында Музейге, Киноға және Зоопаркке қыдыртқан жүргізуші ағаларымызға, соның ішінде тәрбиеші болған апайларымызға: Раушан Әділқызы, Бақытгүл Сағатбекқызы, Аяжан Қонысбековнаға, Ляззат Куанышовнаға АЛҒЫСЫМЫЗДЫ білдіреміз.Тәрбиеші апайларымыз балаларымызды смартфондарын жинап алса да, олардың күндерін қызықты да көңілді өткізді. Күнделікті ұйымдастырған іс шараларының арқасында балаларымыз қуанып үйлерін қайтып келеді.

Әлеуметтік желілердегі посттарға сілтемелер

1. **Топ визиткасын қорғау кеші**

https://www.instagram.com/p/DE3yLFlKhjC/?igsh=aHpxaXEzNTgzZ2Fq

2. **Жылу терапиясы**

https://www.instagram.com/p/DE4SNkIqzZL/?igsh=MTZhcWlvYXRxb3BkaA==

3. **Туған күніңмен, балақай!**

https://www.instagram.com/p/DFKEiQ8K3NB/?igsh=cDVkb3EyamI0dHlh

4. **Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар! атты байқауы**

https://www.instagram.com/p/DFM2yXkTCOw/?igsh=MXI4MGVjbWxqcWJ5Nw==

5. **Дәстүрлі садақ ату-қазақтың рухын оятатын спорт түрі**

https://www.instagram.com/p/DFb9T0GKwN8/?igsh=ZDl3ejcxbnNpenhk

Ауысым туралы бейнематериалдар (ролик)

https://drive.google.com/file/d/1EZdaTdeIHh9bgQllMc2WG9gPUCW7osCy/view?usp=drive_link